

"Дербес сәйкестендіру нөмірлері-кодтарын беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 27 ақпандығы № 137 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 2023 жылғы 2 ақпандығы № 110 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 4 ақпанда № 31838 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Дербес сәйкестендіру нөмірлері-кодтарын беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 27 ақпандығы № 137 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10584 болып тіркелген), мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін өндіруді және олардың айналымын мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабы 7) тармақшасына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Дербес сәйкестендіру нөмірлері-кодтарын беру қағидалары осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды;

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары -
Каржы министрі

E. Жамаубаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, инновациялар

және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары - Қаржы министрінің
2023 жылғы 2 ақпандағы
№ 110 бұйрығына
қосымша

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2015 жылғы 27 ақпандағы
№ 137 бұйрығымен
бекітілген

Дербес сәйкестендіру нөмірлері-кодтарын беру қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Дербес сәйкестендіру нөмірлері-кодтарын беру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін өндіруді және олардың айналымын мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабы 7) тармақшасына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 10-бабы 1) тармақшасына сәйкес әзірленген және дербес сәйкестендіру нөмірлері-кодтарын (бұдан әрі – ДСН-коды) беру тәртібін айқындайды.

2. ДСН-кодтар мұнай өнімін өндірушілерге, мұнай өнімдерін импорттауды жүзеге асыратын мұнай өнімдерін көтерме жеткізушилерге (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) және Қазақстан Республикасында өндірілетін немесе Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін әрбір мұнай өнімдерінің атауына беріледі.

2-тарау. ДСН-кодтарын беру тәртібі

3. "Мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін өндірушілерге (импорттаушыларға), сондай-ақ акцизделетін өнімдердің кейбір түрлерін, авиациялық отын мен мазут өндірушілер мен импорттаушылардың тауарларына дербес сәйкестендіру нөмірін (ДСН-код) беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметті Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің облыстар, Астана, Алматы және Шымкент қалалары бойынша аумақтық органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) "Азаматтарға арналған ұкімет" Мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) арқылы көрсетеді.

4. Көрсетілетін қызметті алушылар Мемлекеттік корпорация арқылы осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес ДСН-кодтарын беруге арналған мұнай өнімін өндірушілерге, мұнай өнімдерін импорттауды жүзеге асыратын мұнай өнімдерін көтерме жеткізушилерге дербес сәйкестендіру нөмірлері-кодын беруге арналған өтінімді:

мұнай өнімдерін өндіруші – мұнай өнімдерін өндіруді жүзеге асыру басталғанға дейін;

мұнай өнімдерін импорттаушы – мұнай өнімдерін әкелуді (оның ішінде импорты) жүзеге асыру басталғанға дейін көрсетілетін қызметті берушіге береді.

5. Осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес жазылған "Мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін өндірушілерге (импорттаушыларға), сондай-ақ акцизделетін өнімдердің кейбір түрлерін, авиациялық отын мен мазут өндірушілер мен импорттаушылардың тауарларына дербес сәйкестендіру нөмірін (ДСН-код) беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі.

6. Мемлекеттік корпорация арқылы өтінімді қабылдау көрсетіletіn қызметті алушының тіркелген жері бойынша "электрондық" кезек тәртібінде жеделдетілмеген қызмет көрсету түрінде жүзеге асырылады, электрондық кезекті брондауға болады.

Жеке басын қуәландыратын құжат туралы мәліметті немесе цифрлық құжаттама сервисінен электрондық құжатты (сәйкестендіру үшін) Мемлекеттік корпорацияның қызметкері тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзі арқылы алады.

Көрсетіletіn қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын Мемлекеттік корпорация арқылы ұсынған кезде, көрсетіletіn қызметті алушыға қабылданған құжаттардың тізбесі көрсетілген өтініш берушіден тиісті құжаттарды қабылдағаны туралы ақпараттық мониторинг жүйесі берген штрих-коды бар қолхат беріледі, онда өтінішті қабылдаған қызметкердің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), өтініштің берілген күні мен уақыты, сондай-ақ дайын құжаттарының берілген күні көрсетіледі. Мемлекеттік корпорация қабылданған өтінімді қызметті берушіге курьерлік және (немесе) пошта байланысы және (немесе) ақпараттық жүйе арқылы жолдайды. Сонымен бірге Мемлекеттік корпорация арқылы қағаз тасымалдағышта көрсеткен кезде өтінімді қабылданған күні мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді.

Көрсетіletіn қызметті берушінің құжаттарды қабылдауға жауапты құрылымдық бөлімшесі құжаттар түскен күні қабылдауды, және тіркеуді жүзеге асырады (көрсетіletіn қызметті алушы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштер қабылдау мен мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).

Уәкілетті органның жауапты құрылымдық бөлімшениң қызметкері осы Қағидалардың 4-тармағында көрсетілген өтінімдердің осы Қағидалардың талаптарына сәйкестігін қарайды.

Құжаттарды өндеуге жауапты қызметкер "Акцизделетін тауарлар мен жекелеген мұнай өнімдерінің түрлерін өндіру және айналымына бақылау жасау" ақпараттық жүйесіне (бұдан әрі – ақпараттық жүйе) өтінімдерді енгізеді және құжаттарды алған

күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде өндейді және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін Мемлекеттік корпорация мен ақпарат объектілерінің қызмет көрсетудің жұмыс графигінде белгіленген уақыттан кешіктірмей курьерлік және (немесе) пошта байланысы және (немесе) ақпараттық жүйе арқылы Мемлекеттік корпорацияға жолдайды.

Мемлекеттік корпорацияда дайын құжаттарды беру жұмыс кестесіне сәйкес (немесе Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес берілген, өкілдің тиісті өкілеттіктері көрсетілетін құжаттың негізінде әрекет ететін оның өкілі) жеке басын қуәландыратын құжатты немесе цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжатты (сәйкестендіру үшін) көрсеткен кезде жүзеге асырылады.

Мемлекеттік корпорация құжаттардың 1 (бір) ай сақталуын қамтамасыз етеді, одан кейін оларды көрсетілетін қызметті берушіге сақтауға береді.

Көрсетілетін қызметті алушы 1 (бір) ай мерзім өткеннен кейін жүгінген кезде Мемлекеттік корпорацияның сұрау салуы бойынша көрсетілетін қызметті беруші 1 (бір) күн ішінде дайын құжаттарды Мемлекеттік корпорацияға көрсетілетін қызметті алушыға беру үшін жолдайды.

7. Көрсетілетін қызметті беруші ДСН-кодтарды беруден мынадай жағдайларда бастартады:

1) "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодесінің (Салық кодексі) 88-бабына сәйкес жекелеген қызмет түрлерін жүзеге асыратын салық төлеушіні тіркеу есебі болмағанда;

2) мұнай өнімдерінің түріне берілген ДСН-коды болған кезде.

8. Осы Қағидалардың 7-тармағында көзделген жағдайларда ДСН-кодты беруден бастарту кезінде, көрсетілетін қызметті алушы осы Қағидаларда белгіленген тәртіпте, ДСН-кодын беруге арналған өтінімдерді қайтадан береді.

9. Заңның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес деректерді мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізу тәртібі "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету сатысы туралы деректер енгізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндеттін атқарушының 2013 жылғы 14 маусымдағы № 452 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8555 болып тіркелген) Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету сатысы туралы деректер енгізу қағидаларында айқындалады.

Осы Қағидаларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу кезінде көрсетілетін қызметті беруші Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелгеннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде мемлекеттік қызметтерді көрсету тәртібі туралы ақпаратты өзектендіреді және Бірыңғай байланыс орталығына, "электрондық

"ұкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторына және көрсетілетін қызметті берушіге жібереді.

10. ДСН-кодтарын ақпараттық жүйеде құру кезінде осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша фасеттік кодтау жүйесінің құрылымы пайдаланылады.

3-тарау. Көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының, Мемлекеттік корпорацияның және (немесе) олардың қызметкерлерінің мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

11. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметтер көрсету нәтижесімен келіспеген кезде көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым Заңға сәйкес:

көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына;

салық және бюджетке төленетін төлемдердің түсімдерін қамтамасыз ету саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті орган басшысының атына;

мемлекеттік қызметкерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға беріледі.

Бұл ретте Мемлекеттік корпорация қызметкерлерінің әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым мемлекеттік қызмет Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілген кезде Мемлекеттік корпорация басшысының атына, не ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органға беріледі.

12. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметтерді тікелей көрсететін көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның атына келіп түскен шағымы Заңың 25-бабы 2-тармағына сәйкес тіркелген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен шағымы тіркелген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

13. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерімен келіспеген кезде, көрсетілетін қызметті алушы Заңың 4-бабы 1-тармағының 6) тармақшасына сәйкес әкімшілік (сотқа дейінгі) тәртіппен шағым жасағаннан кейін сотқа жүгінеді.

Дербес сәйкестендіру
нөмір-кодтарын беру
қағидаларына 1-қосымша

нысан

Мұнай өнімін өндірушілерге, мұнай өнімдерін импорттауды жүзеге асыратын тұлғаларға дербес сәйкестендіру нөмірлері-кодтарын беруге арналған өтінім

бойынша
(облысы/қаласы)

Мемлекеттік кірістер
департаментінің басшысына _____

20 ____ жылғы "___" _____

Салық төлеушінің атауы:

Субъектінің жеке сәйкестендіру нөмірі/

Бизнес-сәйкестендіру нөмірі:

Субъектінің түрі (өндіруші, импорттаушы):

Мұнай өнімінің өндіруші ел:

Субъектінің әкімшілік-аумақтық бірлігі:

P/c №	Мұнай өнімінің түрі (бензин - 1, дизель отыны - 2, мазут - 3, авиаотын - 4) (түсегін тізім)	Мұнай өнімінің атауы	Техникалық сипаттама (Мемлекеттік стандарт, Техникалық шарттар)
1	2	3	4
1			
2			

Басшы _____

(Тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде)) (қолы)

Дербес сәйкестендіру
нөмірлері-кодтарын
беру қағидаларына
2-косымша

"Мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін өндірушілерге (импорттаушыларға), сондай-ақ акцизделетін өнімдердің кейбір түрлерін, авиациялық отын мен мазут өндірушілер мен импорттаушылардың тауарларына дербес сәйкестендіру нөмірін (ДСН-код) беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазакстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетінің облыстар, Астана, Алматы және Шымкент қалалары бойынша аумақтық органдары
2	Мемлекеттік қызметтерді ұсыну тәсілдері (қол жеткізу арналары)	"Азаматтарға арналған үкімет" Мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) арқылы жүзеге асырады
3	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі	1 (бір) жұмыс күні ішінде
4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Электрондық және (немесе) қағаз түрінде
5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	ДСН-кодын беру немесе мемлекеттік қызмет көрсетуге дәлелді бас тарту
	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілген қызметті	


6	алушыдан алынатын төлемакы мөлшерін және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны өндіріп алу тәсілдері	Мемлекеттік қызмет жеке және занды тұлғаларға тегін негізде көрсетіледі
7	Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорация мен ақпарат объектілерінің жұмыс кестесі	<p>1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (бұдан әрі – ҚР Еңбек кодексі) және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Мерекелер туралы заң) сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден жұмаға дейін, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен, сағат 09.00-ден 18.30-ға дейін.</p> <p>Мемлекеттік көрсетілетін қызмет алдын ала жазылусыз және жедел қызмет көрсетусіз кезек тәртібімен көрсетіледі.</p> <p>2) Мемлекеттік корпорация – дүйсенбіден жұманы қоса алғанда, ҚР Еңбек кодексіне және Мерекелер туралы заңына сәйкес мереке және демалыс күндерінен басқа, сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін түскі үзіліссіз, Мемлекеттік корпорацияның халықта қызмет көрсету бөлімдерінің кезекшілері дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін және сенбі күні сағат 9.00-ден 13.00-ге дейін.</p> <p>Қабылдау электрондық кезек тәртібімен көрсетілетін қызметті алушының тіркеу орны бойынша жеделдетілген қызмет көрсетуінде жүргізіледі, электрондық кезекті брондауға болады.</p>
8	Мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі	Мұнай өнімін өндірушілерге, мұнай өнімдерін импорттауды жүзеге асыратын тұлғаларға дербес сәйкестендіру нөмірлері-кодтарын беруге арналған өтінім
		1) "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 88-бабына сәйкес салық салу объектілерінің және (немесе)

9	Қазақстан Республикасының заннамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер	салық салуға байланысты объектілердің орналасқан жері бойынша жекелеген қызмет түрлерін жүзеге асыратын салық төлеуші ретінде тіркеу есебіне қойылмау; 2) мұнайөнімі түріне берілген ДСН-кодтарының болуы.
10	Мемлекеттік қызметті көрсету, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорациясы арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар	"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінде белгіленген өзіне өзі қызмет көрсету, өздігінен қозғалу, бағдарлау қабілетін немесе мүмкіндігін толық немесе ішінара жоғалтқан көрсетіletіn қызметті алушыларға мемлекеттік қызметті көрсету үшін құжаттарды кабылдауды 1414, 8 800 080 7777 Бірыңгай байланыс орталығына жүгіну арқылы тұрғылықты жері бойынша шыға отырып, Мемлекеттік корпорацияның қызметкерлері жүргізеді (мемлекеттік қызметті мемлекеттік корпорация арқылы көрсету кезінде)

Дербес сәйкестендіру
нөмірлері-кодтарын
беру қагидаларына
3-қосымша

нысан

Фасеттік кодтау жүйесінің құрылымы



Бірінші фасет – мұнай өнімді өндіруші елдердің коды осы дербес сәйкестендіру нөмір-кодының құрылымына қосымшаға сәйкес;

екінші фасет – әкімшілік-аумақтық бірліктің коды осы дербес сәйкестендіру нөмір-кодының құрылымына қосымшаға сәйкес;

ұшінші фасет – мұнай өнімдері нарығы субъектісінің коды (0001-ден бастап 9999-ға дейінгі реттік нөмірлер) бензин, авиациялық және дизель отынын, мазут өндірушілерге және (немесе) импорттаушыларға беріледі;

төртінші фасет – өнімінің коды (1 – бензин, 2 – дизельдік отын, 3 – мазут, 4 – авиациялық отын) Қазақстан Республикасының аумағында өндірілетін және (немесе) Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін мұнай өнімдерінің жекелеген түріне беріледі;

бесінші фасет – бензин, авиациялық және дизельдік отын маркасының коды (001-ден ∞ реттік нөмірлер) стандарттау органдарында тіркелген және сериялық өндіріске және сатуға рұқсат берілген бензиннің, дизель отынының және мазуттың әрбір маркасына беріледі.

Фасеттік кодтау жүйесінің құрылымына қосымша

Мұнай өнімдерін өндіруші елдердің кодтары

Дербес сәйкестендіру нөмірі-коды	Мұнай өнімдерін өндіруші елдердің атауы
1	Еуразиялық экономикалық одағына жатпайтын елдер
2	Беларусь Республикасы
3	Қазақстан Республикасы
4	Ресей Федерациясы
5	Қыргыз Республикасы
6	Армения Республикасы

Әкімшілік-аумақтық бірліктегі кодтары

Дербес сәйкестендіру нөмірі-коды	Әкімшілік-аумақтық бірліктің атауы
1	2
Ақмола облысы	
001	Көкшетау қаласы
002	Аққөл ауданы
003	Астрахан ауданы
004	Атбасар ауданы
005	Сандықтау ауданы
006	Аршалы ауданы
007	Ерейментаяу ауданы
008	Егіндікөл ауданы
009	Қорғалжын ауданы
010	Бұланды ауданы
011	Целиноград ауданы
012	Шортанды ауданы
013	Степногор ауданы
014	Жарқайың ауданы
015	Есіл ауданы
016	Жақсы ауданы
017	Зерендей ауданы
018	Бурабай ауданы
019	Еңбекшілдер ауданы*
020	Бурабай АЭА*
Ақтөбе облысы	
021	Ақтөбе қаласы*
022	Алға ауданы
023	Байғанин ауданы
024	Әйтке би ауданы
025	Ыргыз ауданы
026	Қарғалы ауданы
027	Мәртек ауданы

028	Мұғалжар ауданы
029	Темір ауданы
030	Ойыл ауданы
031	Қобда ауданы
032	Хромтау ауданы
033	Шалқар ауданы
Алматы облысы	
034	Талдықорған қаласы*
035	Балқаш ауданы
036	Жамбыл ауданы
037	Іле ауданы
038	Қарасай ауданы
039	Райымбек ауданы
040	Талғар ауданы
041	Ұйғыр ауданы
042	Еңбекшіқазақ ауданы
043	Қапшағай қаласы
044	Ақсу ауданы*
045	Алақөл ауданы*
046	Қаратал ауданы*
047	Кербұлақ ауданы*
048	Кексу ауданы*
049	Панфилов ауданы*
050	Сарқан ауданы*
051	Ескелді ауданы*
052	Текелі қаласы*
Атырау облысы	
053	Атырау қаласы
054	Құрманғазы ауданы
055	Индер ауданы
056	Исатай ауданы
057	Қызылқоға ауданы
058	Макат ауданы
059	Махамбет ауданы
060	Жылдый ауданы
Шығыс Қазақстан облысы	
061	Өскемен қаласы
062	Катонқарағай ауданы
063	Глубоков ауданы
064	Зайсан ауданы
065	Күршім ауданы*
066	Тарбағатай ауданы

067	Ұлан ауданы
068	Шемонаиха ауданы
069	Зырянов ауданы*
070	Риддер қаласы
071	Абай ауданы*
072	Аякөз ауданы*
073	Бесқарағай ауданы*
074	Бородулиха ауданы*
075	Жарма ауданы*
076	Көкпекті ауданы*
077	Курчатов қаласы*
078	Үржар ауданы*
079	Семей қаласы*
Жамбыл облысы	
080	Тараз қаласы
081	Жамбыл ауданы
082	Жуалы ауданы
83	Қордай ауданы
084	Тұрар Рысқұлов ауданы
085	Мерке ауданы
086	Мойынқұм ауданы
087	Сарысу ауданы
088	Байзақ ауданы
089	Талас ауданы
090	Шу ауданы
Батыс Қазақстан облысы	
091	Орал қаласы
092	Бөрлі ауданы
093	Жәнібек ауданы
094	Жаңақала ауданы
95	Зеленов ауданы*
096	Қазталов ауданы
097	Қаратөбе ауданы
098	Сырым ауданы
099	Тасқала ауданы
100	Теректі ауданы
101	Бөкей ордасы ауданы
102	Ақжайық ауданы
103	Шыңғырлау ауданы
Карағанды облысы	
104	Карағанды қаласы*

105	Абай ауданы
106	Қарқаралы аданы
107	Нұра ауданы
108	Осакаров ауданы
109	Саран қаласы
110	Теміртау қаласы
111	Бұхар жырау ауданы
112	Шахтинск қаласы
113	Қарағанды қаласының Октябрь ауданы
114	Қарағанды қаласының Қазыбек би атындағы ауданы
115	Ақтогай ауданы
116	Жаңаарқа ауданы*
117	Ұлытау ауданы*
118	Шет ауданы
119	Балқаш қаласы
120	Жезқазган қаласы*
121	Приозерск қаласы
122	Каражал қаласы*
123	Сатпаев қаласы*
Қызылорда облысы	
124	Қызылорда қаласы
125	Арал ауданы
126	Қазалы ауданы
127	Қармақшы ауданы
128	Жалағаш ауданы
129	Сырдария ауданы
130	Шиелі ауданы
131	Жаңақорған ауданы
Қостанай облысы	
132	Қостанай қаласы
133	Алтынсарин ауданы
134	Мендіқара ауданы
135	Жітікара ауданы
136	Қамысты ауданы
137	Қарасу ауданы
138	Қарабалық ауданы
139	Қостанай ауданы
140	Ұзынкөл ауданы
141	Наурызым ауданы
142	Денисов ауданы
143	Әулиекөл ауданы
144	Таран ауданы

145	Сарықөл ауданы
146	Федоров ауданы
147	Лисаковск қаласы
148	Рудный қаласы
149	Амангелді ауданы
150	Жангелді ауданы
151	Арқалық қаласы
Маңғыстау облысы	
152	Мұнайлы ауданы
153	Бейнеу ауданы
154	Қарақия ауданы
155	Маңғыстау ауданы
156	Тұпқараған ауданы
157	Жанаөзен қаласы
158	Ақтау теңіз порты
Павлодар облысы	
159	Павлодар қаласы
160	Ақтөгай ауданы
161	Баянауыл ауданы
162	Железин ауданы
63	Ертіс ауданы
164	Қашыр ауданы*
165	Лебяжі ауданы*
166	Май ауданы
167	Павлодар ауданы
168	Успен ауданы
169	Шарбакты ауданы
170	Аксу қаласы
171	Екібастұз қаласы
Солтүстік Қазақстан облысы	
172	Кызылжар ауданы
173	М. Жұмабаев ауданы
174	Жамбыл ауданы
175	Есіл ауданы
176	Мамлют ауданы
177	Шал ақын ауданы
178	Аққайың ауданы
179	Тимирязев ауданы
180	Айыртау ауданы
181	Ақжар ауданы
182	Тайынша ауданы

183	Уәлиханов ауданы
184	Фабит Мұсірепов атындағы аудан
Оңтүстік Қазақстан облысы*	
185	Шымкент қаласы
186	Бәйдібек ауданы
187	Ордабасы ауданы
188	Отырар ауданы
189	Қазығұрт ауданы
190	Төлеби ауданы
191	Мактаарал ауданы
192	Сайрам ауданы
193	Сарыагаш ауданы
194	Созақ ауданы
195	Тұлкібас ауданы
196	Шардара ауданы
197	Арыс қаласы
18	Кентау қаласы
199	Түркістан қаласы
200	Әл-Фараби ауданы
201	Абай ауданы
202	Еңбекші ауданы
Алматы қаласы	
203	Алматы қаласы
204	Әуезов ауданы
205	Бостандық ауданы
206	Жетісу ауданы
207	Түрксіб ауданы
208	Алмалы ауданы
209	Медеу ауданы
210	Алатауауданы
Астана қаласы*	
211	Астана қаласы
212	Алматы ауданы
213	Сарыарқа ауданы
214	Есіл ауданы
215	"Астана-жана қала" АЭА
Солтүстік Қазақстан облысы	
216	Петропавловск қаласы
Маңғыстау облысы	
217	Ақтау қаласы
Оңтүстік Қазақстан облысы*	
218	АЭАОңтүстік

219	Қаратая ауданы
Алматы қаласы	
220	Наурызбай ауданы
Түркістан облысы	
221	Кентау қаласы
222	Түркестан қаласы
223	Бәйдібек ауданы
224	Ордабасы ауданы
225	Мактаарал ауданы
226	Жетысай ауданы
227	Отырап ауданы
228	Қазығұрт ауданы
229	Төлеби ауданы
230	Сайрам ауданы
231	Сарыағаш ауданы
232	Келес ауданы
233	Созақ ауданы
234	Тұлқібас ауданы
235	Шардара ауданы
Шымкент қаласы	
236	Шымкент қаласы*
237	Абай ауданы
238	Әл-Фараби ауданы
239	Еңбекші ауданы
240	Оңтүстік
241	Қаратая ауданы
Ақмола облысы	
242	Біржан сал ауданы
Алматы облысы	
243	Кеген ауданы
Павлодар облысы	
244	Теренқөл ауданы
245	Ақкулы ауданы
Астана қаласы*	
246	Байқоңыр ауданы
Алматы қаласы	
247	Ақпараттық технологиялар паркі
Астана қаласы	
248	Астана қаласы
249	Алматы ауданы
250	Сарыарқа ауданы

251	Есіл ауданы
252	"Астана-жаңа қала" АЭА
253	Байқоңыр ауданы
Ақтөбе облысы	
254	Астана ауданы
255	Алматы ауданы
Батыс Қазақстан облысы	
256	Бәйтерек ауданы
Шығыс Қазақстан облысы	
257	Алтай ауданы - Алтай қаласы
Қостанай облысы	
258	Тобыл қаласы
259	Бейімбет Майлін атындағы аудан
Түркістан обласы	
260	Арыс қаласы
261	Сауран ауданы
Ақмола обласы	
262	Қосшы қаласы
Шығыс Қазақстан облысы	
263	Өскемен қаласы
264	Катонқарағай ауданы
265	Глубоков ауданы
266	Зайсан ауданы
267	Күршім ауданы
268	Тарбағатай ауданы
269	Ұлан ауданы
270	Шемонаиха ауданы
271	Алтай ауданы
272	Риддер қаласы
273	Самар ауданы
Абай облысы	
274	Аксуат ауданы
275	Абай ауданы
276	Аяқөз ауданы
277	Бесқарағай ауданы
278	Бородулиха ауданы
279	Жарма ауданы
280	Көкпекті ауданы
281	Курчатов қаласы
282	Үржар ауданы
283	Семей қаласы
Алматы облысы	

284	Балқаш ауданы
285	Жамбыл ауданы
286	Іле ауданы
287	Қарасай ауданы
288	Райымбек ауданы
289	Талғар ауданы
290	Ұйғыр ауданы
291	Енбекшіказак ауданы
292	Қонаев қаласы

Жетісу облысы

293	Талдықорған қаласы
294	Аксу ауданы
295	Алакөл ауданы
296	Қаратал ауданы
297	Кербұлақ ауданы
298	Көксу ауданы
299	Панфилов ауданы
300	Сарқан ауданы
301	Ескелді ауданы
302	Текелі қаласы

Қарағанды облысы

303	Қарағанды қаласы
304	Абай ауданы
305	Қарқаралы ауданы
306	Нұра ауданы
307	Осакаров ауданы
308	Саран қаласы
309	Теміртау қаласы
310	Бұхар жырау ауданы
311	Шахтинск қаласы
312	Қарағанды қаласының Октябрь ауданы
313	Қарағанды қаласының Қазыбек би атындағы ауданы
314	Ақтогай ауданы
315	Балқаш қаласы
316	Приозерск қаласы
317	Шет ауданы

Ұлытау облысы

318	Жезқазған қаласы
319	Ұлытау ауданы
320	Қаражал қаласы
321	Сатпаев қаласы

322	Жаңаарқа ауданы
Шымкент қаласы	
323	Тұран ауданы

Ескертпе: * салықтық бақылау жүргізу шеңберінде пайдаланады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК